



**2020 жылы COVID-19**

**пандемиясының Қазақстандағы  
қызмет көрсету саласына әсері**



Көптеген елдерде коронавирус негізінен қызмет көрсету саласына ықпал етіп, туристік және қонақ үй қызметінің құлдырауына, спорттық, мәдени және басқа бұқаралық шараларға тыйым салуға, сондай-ақ өзге де ауыр зардаптарға әкелді.

Қазақстанда ЖІӨ-нің жартысынан астамын құрайтын қызмет көрсету саласы да пандемияның қатты қысымына ұшырады.

## **ПАНДЕМИЯ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ**

*Коронадағдарыстың ықпалымен бүкіл әлемдегі сияқты Қазақстанда да қызмет көрсету саласы шағын үш салалық топқа бөлінді:*

- шектеулер аз әсер ететін қызмет түрлері;
- карантин және өзін-өзі оқшаулау жағдайларымен айтарлықтай шектелген түрлер;
- сұраныс көлемі күрт артқан түрлер, әсіресе, денсаулық сақтау саласындағы қызметтер.

### **ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУҒА ЫҚПАЛЫ**

Карантиндік шектеулерді енгізу және нәтижесінде тұтынушылық сұраныстың әлсіреуі бірқатар қызмет көрсету ұйымдарының жұмысын тоқтата тұруға әкелді. Қатаң карантин кезеңінде жұмыспен қамтылғандар саны 2020 жылдың 2 тоқсанында 1,8%-ға төмендеді. Алайда, шектеулердің босаңсуына байланысты жыл соңына қарай қызмет көрсету саласында жұмыспен қамтудың қалпына келуі байқалды.

Сонымен қатар, ойын-сауық саласында 2020 жылдың 3 тоқсанына қарай жұмыспен қамтылған халық саны өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 7,8%-ға, орналасу және тамақтану секторында – 8,3%-ға, әкімшілік қызмет көрсетуде – 6,3%-ға, көлік саласында – 5%-ға қысқарды.

Еңбек ресурстарының өсімі байқалған салалар тобында қаржы секторы (+4,5%), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар (+6,7%), денсаулық сақтау (+2,1%) болды.



## ХАЛЫҚҚА КӨРСЕТІЛГЕН АҚЫЛЫ ҚЫЗМЕТТЕР КӨЛЕМІНІҢ ТАРЫЛУЫ



Экономикалық құлдырау халықтың кірісі мен тауарларға сұранысының қысқаруына, сондай-ақ халыққа ақылы қызмет көрсету секторының баяулауына әкелді.

2020 жылы халыққа көрсетілген қызметтер көлемі іс жүзінде шағын салалардың едәуір бөлігінде төмендеді. Сонымен қатар, 2020 жылдың алғашқы 9 айында ақылы қызметтер көлемінің өсуіне негізінен жылжымайтын мүлікпен операциялар саласындағы қызметтердің өсуі (+51,2%), сондай-ақ ақпараттық қызмет көрсету (+30,1%) есебінен қол жеткізілді.

Бұл ретте, халықтың тұтыну белсенділігінің оң серпін алуына 2020 жылы нақты жалақының өсуі (+7,3%) ықпал етті.

## АҚЫЛЫ ҚЫЗМЕТТЕРГЕ БАҒА ҚАРҚЫНЫНЫҢ БАЯУЛАУЫ

2020 жылы халыққа ақылы қызметтердің бағасы орташа алғанда өткен жылға қарағанда екі есе баяу өсті. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда қызметтерге тұтыну бағаларының индексі 3,3%-ды құрады (2019 жылдың қаңтар-желтоқсанында бұл көрсеткіш 1,2% болған).

Кейбір салаларда баяулау одан да елеулі деңгейде болды. Мысалы, шипажай-сауықтыру секторының және мәдениет пен ойын-сауық ұйымдарының көрсетілетін қызметтеріне бағаның өсу қарқыны, керісінше 1,8% баяулап, тиісінше жылдық мәнде 4,1%-ды көрсетті. Осыған ұқсас динамика тамақтану және орналасу секторында да байқалды – бағаның өсуі 2019 жылғы 6,8%-дан 4,7 дейін дейін төмендеді.




## ХАЛЫҚТЫҢ ТҰТЫНУШЫЛЫҚ ҮЛГІСІН ҚАЙТА ҚҰРЫЛЫМДАУ

Пандемия әсерінен ел тұрғындары, әсіресе қатаң карантин кезеңінде, өз тұтынушылық үлгісін белсенді түрде қайта құрылымдады.

Мәселен, 2020 жылдың 3-тоқсанындағы жағдай бойынша өткен жылмен салыстырғанда халық шығыстарының құрылымында неғұрлым қымбат тауарлар мен қызметтер түріндегі шығындар ең көп құлдырау көрсетті, ал азық-түліктің сатып алулардағы үлесі айтарлықтай өсті.

Өткен жылмен салыстырғанда азық-түлік тауарларына жұмсалатын шығындардың үлес салмағы 49,9%-дан 54,3%-ға дейін көтерілді. Қызмет көрсету секторының шектеулі қызметі нәтижесінде халық арасында оған жұмсалатын шығыстар – 19,2%-дан 14,7%-ға дейін қысқарды. Алайда, карантиндік шектеулердің шыңы болған 2-ші тоқсанда аздап қысқарғаннан кейін, халықтың жалпы көлеміндегі азық-түлікке жатпайтын тауарларға жұмсалатын қаражат жыл соңына қарай қалпына келу өсімін көрсетті.

**Халықтың қаржылай шығыстарының құрылымы, (%)**



**Дереккөз:** ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректері

Осылайша, қызмет көрсету саласындағы жағдай көбінесе елдегі эпидемиологиялық жағдайдың дамуына және вирустың таралуын болдырмау үшін енгізілген шектеулердің сипатына байланысты. Сонымен қатар, қызмет көрсету саласының жағдайы халықтың экономикалық әл-ауқатымен және оларды тұтынушылық үлгісімен сондай-ақ кейінге қалдырылған сұранысты жүзеге асыру мүмкіндігімен анықталады.